



# ПРИОЗЕРСКИЙ

## Вестник

№ 38/734

24 сентября 2021 года

Халық санағы – маңызды науқан!

Смон COVID!

### ӘКІМДІКТЕГІ КЕҢЕС

Қазақстанда жалпыұлттық халық санағы басталды. Тәуелсіздік алған сәттен бастап елімізде халық санағы осымен үшінші рет өтеді. Шара алғаш рет цифрлық технологияларды қолдану арқылы өтпек.

1 қыркүйектен 15 қазанға дейінгі аралықта [sanaq.gov.kz](http://sanaq.gov.kz) сайтында онлайн режимде халық санағынан өтуге болады. Сайт 24 сағат бойы қол жетімді», - деп хабарлады Ұлттық статистика бюросының басшысы Нұрболат Айдапкелов. Онлайн



режимінде санақтан өтпеген азаматтарды қамту үшін 1-30-қазан аралығында қажетті санитарлық нормаларды сақтай отырып интервьюерлердің сауалдарына жауап беру мүмкіндігі болады. Интервьюерлердің электрондық планшеттерді пайдалануы дәстүрлі кезеңнің басты жаңалығы болмақ.

Биылғы халық санағында 91 сұрақ қарастырылған. Алайда азаматтар сауалдардың барлығына жауап береді дегенді білдірмейді. Себебі, санақ парақтарында шетелге кеткен немесе елге келген адамдарға, тек қана әйелдерге қойылатын сұрақтар бар. Сондай-ақ, үйдің жағдайына қатысты сауалдарға тек үйдің иесі ғана жауап береді. Орташа есеппен, санақ сауалдарына жауап беруге 20-25 минут қажет. Азаматтардың белсенділігі мен шынайы жауаптары халық туралы сапалы деректерді алуға негіз болады. Қазақстанда әрбір азамат маңызды!

Аталған науқанның маңыздылығына байланысты осы жылғы 21-қыркүйек күні әкімдіктің мәжіліс залында Приозерск қаласының әкімі Сапар Қайыркенұлы Сатаевтың төрағалығымен 2021-жылғы ұлттық халық санағының барысы туралы кеңес өтті. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Приозерск қаласының статистика бөлімінің басшысы Гүлнар Маратқызы Есілбаева баяндама жасады.

Қалада халық санағы бойынша жұмыстар кезең-кезеңімен жүргізілуде. Қала әкімі ұлттық халық санағын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарынан туындайтын жұмысты ұйымдастыруды қамтамасыз етуді тапсырды, медиа-жоспарға сәйкес бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу, халықты жұмыспен қамту орталықтары арқылы тұрғындар арасында санақ жүргізу үшін қызметкерлер қалыптастыру, полиция бөліміне уәкелілік инспекторлармен интервьюерлерді нығайту тапсырылды.

Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ

### ПРЕЗИДЕНТ ВЫСТУПИЛ НА ГЛОБАЛЬНОМ САММИТЕ ПО БОРЬБЕ С COVID-19

Глава государства выступил на Глобальном саммите по борьбе с COVID-19, сообщает пресс-служба Президента РК.

Высоко оцениваем усилия руководства США и приверженность Президента Байдена обеспечению коллективных действий путем развития партнерства в рамках



Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев в рамках 76-й сессии высокого уровня Генеральной Ассамблеи ООН выступил с видеообращением на Глобальном саммите по борьбе с COVID-19 «Положить конец пандемии и улучшить восстановление».

В своем выступлении Глава государства отметил, что мы все еще сталкиваемся с беспрецедентным по своим масштабам за последние десятилетия глобальным кризисом здравоохранения. Возникшие в результате этого экономические трудности усилили неравенство и продемонстрировали уязвимость мирового общества.

«Сложившаяся ситуация требует всеобъемлющих и решительных мер. Полагаю, что нашей первоочередной задачей должно являться неотлагательное расширение глобального доступа к вакцинам. Это вопрос глобальной этики и солидарности, поскольку несправедливый «разрыв в доступе вакцин» не просто подрывает здоровье, но и углубляет эту пропасть. Приветствуем многосторонние усилия, направленные на обеспечение в общей сложности более двух миллиардов доз вакцин и улучшение нашей коллективной защиты от глобальных угроз здоровью. Способствуя всемирному «коллективному иммунитету», Казахстан вошел в число первых десяти стран планеты, разработавших собственную вакцину – QazVac», – сказал Президент Казахстана.

Как сообщил Касым-Жомарт Токаев, недавно QazVac был усовершенствован для защиты от дельта-штамма коронавируса. На сегодняшний день 31 % населения Казахстана полностью вакцинирован. Казахстанцы имеют возможность выбора одной из нескольких видов вакцин.

«Для реализации благородных идей и целей этого саммита мы разработали четкие внутренние планы и обязательства. В Казахстане мы разработали законодательную базу для создания Национальной системы биологической безопасности. Мы стремимся создать комплексную и высокотехнологичную структуру прогнозирования биологических угроз в соответствии с международными стандартами.

глобальной инициативы «Построение лучшего для мира». Казахстан разделяет это видение и готов внести вклад в достижение поставленных целей», – отметил Глава государства.

Президент выдвинул ряд инициатив по реализации комплексных мер.

«Мы должны сосредоточиться на укреплении потенциала на глобальном уровне. Нам нужно продвигать одобренные ВОЗ основные принципы Алмагинской декларации в области первичной медико-санитарной помощи. Нам необходимо коллективно приложить дополнительные усилия для предотвращения биологических катастроф и кризисов в будущем. Исходя из этого, в прошлом году я инициировал создание Международного агентства по биологической безопасности. В настоящее время проводятся практические консультации со всеми заинтересованными сторонами, и мы приглашаем партнеров поддержать эту инициативу», – предложил Касым-Жомарт Токаев.

Глава государства отметил важность работы над взаимным признанием сертификатов вакцинации, чтобы помочь глобальному туризму и бизнесу справиться с COVID-19.

«Медицинские сертификаты будут способствовать более безопасному возобновлению работы, восстановлению экономики и созданию новых рабочих мест в постпандемический период. Мы должны использовать инструменты социальных сетей для укрепления доверия к вакцинам COVID-19. Существуют сомнения или недоверие, которые коренятся в нехватке научно обоснованной информации в масс-медиа. Мы должны опираться на факты, разъясняя важность вакцинации для укрепления доверия среди населения. Мы действительно должны «строить лучше», но мы также должны «строить новое» – новый мир, который будет более справедливым, устойчивым, экологически чистым и гуманным», – подытожил свое выступление на саммите ООН Президент Казахстана.

Восточник: [www.akorda.kz/ru](http://www.akorda.kz/ru)

Қаланы жақсартайық!

### ҚАЛАНЫ АБАТТАНДЫРУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕГЕ

Елдімекендерді, қалаларды абаттандыру және сенбілік ұғымы экологиялық мәдениетті қалыптастыруға, қоғам назарын қала көшелерінде тазалықты сақтауға және экология проблемаларына көңіл аударуға үлкен маңызға ие. Өйткені, қаланың тазалығы, жалпы экосфера толығымен тұрғындарға байланысты.

Экологиялық сенбілік өзінің тікелей міндетінен басқа тағы бір маңызды міндетті орындайды. Ол нақты әрекет ететін, қалаға жанашырлықпен қарайтын барлық адамдарды біріктіреді. Олардың ұраны: «Бұл - менің қалам. Мен оны таза және жасыл етемін!». Бұл істе қаламыздың келбетін жақсартуға өз үлесін қосатын жастардың көп болуы қуантады. Себебі, қаладағы абаттандыру мен көгалдандыруға байланысты бүгінде атқарылып жатқан жұмыстардың бел ортасында Приозерск қаласының жастар ресурстық орталығы бастаған жастарымыз жүр. Осы орайда қала аумағын көгалдандыру және абаттандыру жұмыстарының қызу жүргізіліп жатқанын тұрғындар хабардар екендігіне сенімдіміз. Өзіміз тіршілік етіп, өмір сүріп жатқан мекеніміздің көріктенуі түсіп, жасыл желекке оранып тұрғаны қандай жақсы. Осынау игілікті іске барша қала тұрғындары атсалысса қандай керемет іс болар еді. Аталған жұмыстың одан әрі қарқын алып, қала суық түскенше жүзеге асуына қаламыздағы барлық мекемелер қызметкерлері де қатысуға мүдделі.

Осы шараға байланысты жуықта Приозерск қаласы әкімі Сапар Қайыркенұлы Сатаевтың төрағалығымен қаланы абаттандыру және көгалдандыру бойынша кеңес



өтті. Кеңеске әкімнің орынбасарлары, қаладағы мекеме, кәсіпорындар басшылары қатысты. Аталған басқосуда күзгі ағаштар мен көгалдарды отырғызуға тиісті аумақтардың жерін тазалап, тастардан, коқыстардан арылту, талдар мен көгалдарды отырғызуға қажетті топырақты дайындау бойынша ісшаралар жоспары талқыланды. Бөлім басшыларына апта сайынғы сенбіліктерді өткізу туралы тапсырмалар берілді. Сонымен қатар, алдағы уақытта апта сайын сенбіліктер өткізіліп отыратындығы ескерілді. Мұндай ізгі істердің барлығы – қаламыздың гүлдеп, жасарып, жақсара түсуіне өзінің үлкен ықпалын тигізеті сөзсіз. Бұның бәрі қала тұрғындарының жағдайы үшін жасалып жатқан шаралар.

Сондай-ақ, кеңес аясында Сапар Сатаев әкімнің қаланы абаттандыру және көгалдандыру жөніндегі кеңесшісі Наталья Трифанованы Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының атынан алғыс хатпен марапаттады.

Н.ӨТЕП